



2-6 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА  
АРНАЛҒАН  
ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА



TORAIGHYROV UNIVERSITY

БАСПАСЫ

ПАВЛОДАР

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

С. Е. Темиргалиева, М. Г. Сембаева,  
Р. К. Кадырбекова, Г. З. Айгужинова

# **2-6 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА**

Жиынтығы

Павлодар  
Toraighyrov University  
2019

ӘОЖ 373.2:796.41  
КБЖ 74.100.58  
Т33

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің  
оқу-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды**

**Пікірсарапшылар:**

Ю. А. Мастобаев – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің, педогогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Б. Сарсенбава – Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің, педогогика ғылымдарының кандидаты, психология кафедрасының профессоры.

**Темиргалиева С. Е., Сембаева М. Г., Кадырбекова Р. К.,  
Айгужинова Г. З.**

Т33 2-6 жастағы балаларға арналған таңғы гимнастика : жиынтығы /  
С. Е. Темиргалиева, М. Г. Сембаева, Р. К. Кадырбекова,  
Г. З. Айгужинова. – Павлодар : Toraighyrov University, 2019. – 90 б.

Жиынтығы: Таңертеңгі жаттығу балалар бақшасында күнді ұйымдасқан түрде бастауға мүмкіндік береді, күн кестесін дәл орындауға ықпал етеді. Жинақ көрсетілген материал 5В0108001 «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының оқытушылары мен студенттеріне дене шынықтыру сабақтарында және тәуелсіз зерттеулерде қолданылуы мүмкін.

ӘОЖ 373.2:796.41  
КБЖ 74.100.58

© Темиргалиева С. Е. және т. б., 2019  
© Toraighyrov University, 2019

Материалдардың сенімділігі, грамматикалық және емле қателері  
жауапкершілікті авторлар мен оригинатор көтереді

## Кіріспе

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын айқындайды;  
2) оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның мазмұнына, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілейді. «Таңертеңгі гимнастика комплексінің үлгілері» атты әдістемелік кешені «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» талаптарына сәйкес және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының» «Денсаулық» білім беру саласының мақсаты мен міндеттерінің негізінде құрастырылған.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» баланың мектепте білім алу даярлығын (әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы) қамти отырып, баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны әртүрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолдарымен іске асырылатын: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» бес білім беру саласына негізделген.

«Денсаулық» білім беру саласының мақсаты: өз денсаулығына саналы қарауды дамыту, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсінуге тәрбиелеу, қимыл белсенділігін дамыту және дене бітімі қасиеттерін қалыптастыру.

Жиынтығы мазмұны балалардың дене және психологиялық дамуының келесі жас кезеңдерін қамтиды:

Кіші жас топ – 2 жастан 3 жасқа дейін;

Ортаңғы топ – 3 жастан 4 жасқа дейін;

Ересек жас- 4 жастан 5 жасқа дейін;

Мектепалды 5 жастан 6 жасқа дейін;

Таңертеңгі жаттығулардың мақсаты: Балаларға ертеңгілік көңіл күй, көтеріңкі сезім сыйлау. Баланы ептілікке, белсенділікке тәрбиелеу. Жүру, жүгіру түрлерін меңгерту. Құралмен жаттығу жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұйымдасқан түрде жаттығу жасауға үйрету. Таңертеңгі жаттығу жылдың жылы мезгілдерінде алаңда, ал

суық кездерде залда өткізіледі. Жаттығулар кешені 2 аптаға арналады. Таңертеңгілік жаттығулар бірінші 2 аптаға - құралсыз, келесі 2 аптаға - құралмен өткізіледі. Жаттығулар жиынтығын дайындағанда бірінші: бас, мойын, иық, қол бұлшық еттеріне, екінші: бел, кеуде бұлшық еттеріне, үшінші: бөксе, сан, тізе бұлшық еттеріне жасалады. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығу балалар бақшасында күнді ұйымдасқан түрде бастауға мүмкіндік береді, күн кестесін дәл орындауға ықпал етеді.

### **Таңертеңгі жаттығулардың кешендік жүктемесі**

Топ	Саны	Ұзақтығы	Қайталануы
Кіші жас топ 2 жастан 3 жасқа дейін	3–4 жаттығу	4–5 минут	3–4 рет
Ортаңғы топ 3 жастан 4 жасқа дейін	5–6 жаттығу	5–6 минут	5–6 рет
Ересек жас 4 жастан 5 жасқа дейін	7 жаттығу	6–8 минут	7 рет
Мектепалды 5 жастан 6 жасқа дейін	8–10 жаттығу	10–12 минут	8–10 рет

## 1 Кіші топқа арналған таңертеңгі гимнастика комплексінің үлгісі (2 жастан 3 жасқа дейін)

### *«Денсаулық» білім беру саласы*

Осы жастағы балалардың дене дамуының қарқыны баяулайды, бірақ ағзасы нығайып, қимылдары жетіледі. Дегенмен, балалардың тірек-қимыл аппараты нашар дамыған, қозғалыс тәжірибесі жеткіліксіз, қимылдары үйлесімсіз болып келеді. Бала әлі де өздігінен жылдамдығын, күшін және қимыл амплитудасын реттей алмайды, сондықтан, дене шынықтыру бойынша жұмысты ұйымдастыруда осы аталғандар ескерілуі қажет.

Балалар жалпы дамытушы жаттығуларды ересектің ауызша нұсқауымен және көрсетуімен бір мезгілде орындайды. Негізгі қимыл түрлерінің саны үшеуден аспауы қажет (екі таныс+ бір жаңа қимыл). Балаларға жүру мен жүгірудің түрлерін, қарқынды өзгертіп жүруді, жүруден жүгіруге ауысуды және керісінше (тәрбиешінің артынан), бағытты өзгертіп, шашырап, заттарды айналып жүруді үйретеді. Біртіндеп еңбектеу, өрмелеу, кішкентай доптарды лақтыру мен домалату, қапшықтарды нысанаға лақтыруда негізгі қимыл түрлерін дамытуға арналған қозғалыс тапсырмалары мен жаттығулар күрделеніп беріледі. Күн тәртібіне таңертеңгі жаттығу енгізіледі ұзақтығы 4–5 минут. Құрылымы: кіріспе бөлім: сапқа тұру және қайтадан сапқа тұру (шеңберге, шашырап); негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар (3–4 түрі, қайталануы 3–4 рет); қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: қабылдау, киіну, шешіну, тамақтану, ойын іс-әрекетінде жүйелі жүргізіледі.



## 1 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	<p>Кіріспе бөлім: Бір қатар тұру. Сәлемдесу. Алма баққа барамыз /Бір қатармен жүру/, Алма теріп аламыз /Қолды жоғары көтеріп, белге қою/. Баяу, жылдам жүгіріп /жүгіру/, Ауа жұтып, дем аламыз /Мұрынмен ауа жұтып, ауызбен дем шығару, қолды екі жаққа айналдыру/. Балаларға әр түсті екі шардан беріп, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.</p>	3–4 рет	1 минут
2	<p>Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар шарлармен. Б.қ: Негізгі тұрыс, қол төменде. 1. Екі қолды алға созу. 2. Қолдарды қайшылау. 3. Б.қ. келу.</p>	3–4 рет	3 минут
	<p>Б.қ: Тік тұру, аяқ арасы алшақ, қол иықта. 1. Шарды иыққа тигізіп, денемен оңға иілу. 2. Шарды иыққа ұстап, денемен солға иілу. 3. Б.қ. келу.</p>	3–4 рет	
	<p>Б.қ: Негізгі тұрыс, қол төменде. 1. Шарды кеуде тұсында ұстау. 2. Алға секіру. 3. Екі жанға секіру. 4. Б.қ. келу.</p>	3–4 рет	
	<p>Б.қ: Отыру, аяқты алға созу. 1. Шарды қос қолмен жоғары көтеру. 2. Тізеге тигізу. 3. Б.қ. келу.</p>	3–4 рет	
3	<p>Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар.</p>	3–4 рет	1 минут

## 2 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	<p>Кіріспе бөлім: Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. Арнаулы жаттығулар: - тізбекпен жүру; - қол белде, аяқты кезек-кезек жоғары көтеріп жүру; - баяу жүгіру; - жай жүріспен жүру. Балаларға үлкен себеттегі кішкентай доптарды беріп, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.</p>		1 минут
2	<p>Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ: қолды төмен түсіріп, түзу тұру. О.: алақанды ішке қаратып, оларға қарау, түсіру.</p> <p>Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ: аяғын «малдас» құрып отыру, қол тізеге еркін қойылған. О.: оңға (солға) бұрылу, қолды алға қарай созу, қолды тізеге қойып, түзу отыру.</p> <p>Б.қ: екі аяқты алшақтау қойып, қолды бүйірге ұстап, түзу тұру. О.: алға қарай еңкею.</p> <p>Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ: қолды бүйірге ұстап, қолды төмен түсіру. О.: екі қолмен алға, артқа еркін сермей қатарынан 2-3 рет жүрелеп отыру.</p>	3–4рет	3 минут
3	<p>Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар. Тыныс алу: – Тік тұру;</p>	3–4рет	1 минут



### 3 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	<p>Кіріспе бөлім: Бір қатар тұру. Сәлемдесу. /Нұсқауларды орындау/.</p> <p>Бір тізбекпен жүру. Орнымызда тұрайық, Алақанды соғайық.</p> <p>/Жүріп келе жатып, орындарында тұрып, қолдарын шапалақтайды/.</p> <p>Қолды белге қояйық, Бір сызықпен жүрейік.</p> <p>/Қолды белге қойып, бір қатармен жүреді/</p> <p>Күндей болып күлейік, Көңілді жүгірейік.</p> <p>/Бір қатармен жүгіру/.</p> <p>Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.</p>		1 минут
2	<p>Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар таяқшалармен.</p> <p>«Біз күштіміз!».</p> <p>Б.қ: Негізгі тұрыс, таяқшаның екі шетінен ұстаған қол төменде.</p> <p>1. Екі қолды алға созу.</p> <p>2. Таяқшаны кеуде тұсына әкелу.</p> <p>3. Б.қ. келу.</p>	3–4 рет.	3 минут
	<p>«Біз барлаушымыз!».</p> <p>Б.қ: Аяқ арасы иық көлемінде алшақ, қол төменде.</p> <p>1. Қос қолды жоғары көтеру.</p> <p>2. Денені бұрып, оңға иілу.</p> <p>3. Денені бұрып, солға иілу.</p> <p>4. Б.қ. келу.</p>	3–4 рет.	
	<p>«Біз штангашымыз!».</p> <p>Б.қ: Аяқ арасы алшақ, қол төменде.</p> <p>1. Таяқшаны кеуде тұсында ұстау.</p> <p>2. Таяқшаны жоғары көтеру.</p> <p>3. Шынтақты бүгіп, иыққа тигізу.</p> <p>4. Б.қ. келу.</p>	3–4 рет.	
	<p>«Біз ептіміз!».</p> <p>Б.қ: Екі аяқты бірге, қол төменде, таяқша баланың алдында жатады.</p> <p>1. Қос қол белде.</p> <p>2. Тізені сәл бүгіп, таяқшадан секіру.</p> <p>3. Б.қ. келу.</p>	3–4 рет.	
3	<p>Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар.</p>	3–4 рет	1 минут

#### 4 Комплекс


	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	<p>Кіріспе бөлім: Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. «Орман аңдары».</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Аю». Қолды белге қойып /қорбаңдап/, табанды нық басып жүру.</li> <li>2. «Түлкі». Қолды жанға ұстап /қуланып/, бір сызықпен жүру.</li> <li>3. «Көжек». Қолды кеуденің алдына иіп, қос аяқпен секіру.</li> <li>4. «Қасқыр». Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.</li> </ol> <p>Жүру. Дем алу. Шеңберге тұру.</p>		1 минут
2	<p>Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: қолды төмен түсіріп, түзу тұру. О.: алақанды жоғары қаратып, қолды екі жаққа көтеру, саусақтар жазулы, түсіру.</p> <p>Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: қолды бүйірге ұстап, түзу тұру. О.: оңға (солға) бұрылу, оңға (солға) қарау, түзу тұру.</p> <p>Б.қ.: қолды бүйірге ұстап, түзу тұру, қолдарында таяқ, доп. О.: оңға (солға) бұрылу, зат ұстаған қолды алға созу, түзу тұру.</p> <p>Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: қолды бүйірге ұстап, түзу тұру. О.: жүрелеп отыру, алға қарау, тікею.</p>	3–4 рет	3 минут
3	<p>Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар. Тыныс алу: – Тік тұру</p>	3–4 рет	1 минут

## 5 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	<p>Кіріспе бөлім: Бір қатар тұру. Сәлемдесу.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бір тізбекпен қолды жоғары көтеріп жүру;</li> <li>- қолды белге қойып жүру;</li> <li>- баяу жүгіру;</li> </ul> <p>Балаларға шығыршықтар беріп, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.</p>	3–4 рет	1 минут
2	<p>Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар «Бұрылыс».</p> <p>Б.қ: Аяқ иық көлеміндей алшақ, шығыршықтың екі шетінен ұстау, қол төменде.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Екі қолды алға созу.</li> <li>2. Аяқты қозғалтпаған күйде шығыршықты оңға, солға бұру.</li> <li>3. Б.қ. келу.</li> </ol>	3–4 рет	3 минут
	<p>«Кезек-кезек».</p> <p>Б.қ: Аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, қос қолмен шығыршықтың ұстау.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қос қолдағы шығыршықты оң жақта оң қолмен ұстап тұру.</li> <li>2. Келесі қолға ауыстыру.</li> <li>3. Шығыршықты сол жақта сол қолмен ұстап тұру.</li> <li>4. Б.қ. келу.</li> </ol>	3–4 рет	
	<p>«Алға иілу».</p> <p>Б.қ: Аяқ арасы алшақ, қол төменде.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шығыршықты кеуде тұсында ұстау.</li> <li>2. Шығыршықты жоғары көтеру.</li> <li>3. Алға иілу.</li> <li>4. Жоғары көтеру.</li> <li>5. Б.қ. келу.</li> </ol>	3–4 рет	
	<p>«Көлік айдаймыз».</p> <p>Б.қ: Екі аяқ бірге, шығыршық кеуде тұсында.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шығыршықты алға созып, руль сияқты ұстау.</li> <li>2. Көлік айдап отырғандай шығыршықты екі жаққа бұру.</li> <li>3. Б.қ. келу.</li> </ol>	3–4 рет	
3	<p>Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар.</p> <p>Тыныс алу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Аяқ арасы алшақ, шығыршықты қос қолмен екі шетінен жоғары көтеру, ауа жұту;</li> <li>- Шығыршықты кеуде тұсына әкеліп, мұрынмен дем шығару.</li> </ul>	3 -рет	1 минут

## 6 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	<p>Кіріспе бөлім: Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. Қуан, шаттан, қуан, шаттан, Қуанатын күн бүгін! Қайырлы күн, қайырлы күн, Күліп шықсын күн бүгін!</p> <p>Арнаулы жаттығулар: – бір тізбекпен жүру; – қол белде, аяқты кезек-кезек жоғары көтеріп жүру; – баяу жүгіру, жай жүріспен жүру. Шеңберге тұру.</p>	3–4 рет	1 минут
2	Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ: қолды төмен түсіріп, түзу тұру. О.: екі қолды кезектестіріп алға-жоғары көтеру, түсіре бере оларды артқа қарай созу.	3–4 рет	3 минут
	Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ: екі аяқты алшақтатып, табанды қатар қойып тұру, допты төмен ұстау. О: тізені бүкпей алға, төмен қарай еңкею, допты аяқтың ұшына тигізу, түзулену.	3–4 рет	
	Б.қ.: жүрелеп отыру. О.: қолмен сүйемелдей, допты еденге қою, өзін айналдыра домалату.	3–4 рет	
	Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: қолды бүйірге ұстап, қолды төмен түсіру. О.: аяқтың ұшымен көтеріліп, табанды тұтас тигізіп тұру.	3–4 рет	
3	<p>Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар. Тыныс алу: - Тік тұру</p>	3–4 рет	1 минут



## 7 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	<p>Кіріспе бөлім: Бір қатар тұру. Сәлемдесу. Бір тізбекпен жүру. Тік ұста да бойыңды, жоғары соз қолыңды. /Қолды жоғары созып жүру/.</p> <p>Бүйір таяп қос қолмен, көтер аяқ оң жақтан, көтер аяқ сол жақтан, құлап кетпе, сәл сақтан. /Қол белде, оң, сол аяқты көтеріп жүру/.</p> <p>Күнде жасап жаттығу, қан жүгіртіп алайық. /баяу жүгіру/.</p> <p>Балаларға үлкен себеттегі доптарды көрсету. Доптарды балалардың өздеріне алғызып, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.</p>	3–4 рет	1 минут
2	<p>Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар доптармен. «Допты жоғары көтер!».</p> <p>Б.к.: Аяқ иық көлеміндей алшақ, допты екі қолмен ұстап тұру.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Допты алға созу.</li> <li>2. Жоғары көтеру.</li> <li>3. Алға созу.</li> <li>4. Б.к. келу.</li> </ol>	3–4 рет	3 минут
	<p>«Аяғыңды бүк!».</p> <p>Б.к.: Аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, қол төменде. 1. Қос қолдағы доп кеуде тұсында.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>2. Оң аяқты бүгіп, көтерген тізеге допты тигізу.</li> <li>3. Аяқты түсіріп, допты кеуде тұсына әкелу.</li> <li>4. Сол аяқты бүгіп, көтерген тізеге допты тигізу.</li> <li>5. Б.к. келу.</li> </ol>	3–4 рет	
	<p>«Алға иілу».</p> <p>Б.к.: Аяқ арасы алшақ, қол төменде.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Допты кеуде тұсында ұстау.</li> <li>2. Допты жоғары көтеру.</li> <li>3. Алға иілу.</li> <li>4. Жоғары көтеру.</li> <li>5. Б.к. келу.</li> </ol>	3–4 рет	
3	<p>Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар.</p> <p>Тыныс алу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Аяқ арасы алшақ, допты қос қолмен жоғары көтеру, ауа жұту;</li> <li>- Допты кеуде тұсына әкеліп, мұрынмен дем шығару.</li> </ul>	3–4 рет	1 минут

## 8 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	Кіріспе бөлім: Сәлемдесу. Сапқа тұру. Жүру: Бір-бірден сапқа тұрып, жүру. Нұсқаушының белгі беруіне қарай жаттығуларды орындай отырып, жан-жаққа шашырап жүгіру. Жүру. Дем алу. Шеңберге тұру.	3–4 рет	1 минут
2	Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: түзу тұру, оң (сол) қолды кубик немесе кішкене доп. О.: қолды екі жағынан жоғары көтеру, кубикті сол (оң) қолға беру, қолды екі жағынан төмен түсіру.	3–4 рет	3 минут
	Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: аяқты созып отыру, бір қолмен доп, кубик ұстау. О.: бір аяқты еденнен көтеріп, затты аяқтың астынан бір қолдан екінші қолға беру, аяқты түсіру.	3–4 рет	
	Б.қ.: еденге отыру, аяқты созу, қолды артқа тіреу. О.: екі аяқты еденнен көтеру, түсіру. Бір мезгілде екі аяқты өзіне қарай тарту, оларды түзулеу.	3–4 рет	
	Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: түзу тұру, қолдарында жалаушалар мен кубиктер бар. О.: тізеден бүгілген оң (сол) аяқты көтеру, затты тізеге қою: затты алып аяқты қатар қою, қолды түсіру.	3–4 рет	
3	Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар. Тыныс алу: - Тік тұру	3–4 рет	1 минут



## 9 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	<p>Кіріспе бөлім: 1. Бір қатар сапқа тұру.</p> <p>2. Сәлемдесу. Біздер тату баламыз, Ұландардай боламыз.</p> <p>/Тізені көтеріп, қол жанда жүру/. 1, 2, 3 – жоғары қолды созамыз, Бір жолмен жүре аламыз.</p> <p>/Қолды жоғары көтеріп жүру/. Гүл-гүл жайнап жанамыз, Күндей нұрды пашамыз.</p> <p>/Баяу жүгіру/. Балаларға әр түсті екі гүлден беріп, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.</p>	3–4 рет	1 минут
2	<p>Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар гүлдермен.</p> <p>Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: Аяқ иық көлеміндей алшақ, қол төменде.</p> <p>1. Гүлді алға созу. 2. Жоғары көтеру. 3. Алға созу. 4. Б.қ. келу.</p>	3–4 рет	3 минут
	<p>Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: Аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, қол төменде.</p> <p>1. Қос қолдағы гүл кеуде тұсында. 2. Қолды екі жанға созу. 3. Қос қолдағы гүлді кеуде тұсына әкелу. 4. Б.қ. келу.</p>	3–4 рет	
	<p>Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: Отыру, аяқ арасы алшақ.</p> <p>1. Гүлдерді жоғары көтеру. 2. Гүлдерді аяқ ұшына жеткізу. 3. Б.қ. келу.</p>	3–4 рет	
3	<p>Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар.</p> <p>Тыныс алу: «Әдемі гүлдің иісі» /қолдарындағы гүлдерді иіскеу/. «Гүл ашады қауызын» /екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкеліп, иіскеп, жоғары көтеру/.</p>	3–4 рет	1 минут

## 10 Комплекс

Мазмұны		Неше рет жасау	Уақыты
1	Кіріспе бөлім: Сәлемдесу. Сапқа тұру. Жүру: Бір-бірден сапқа тұрып, жүру. Нұсқаушының белгі беруіне қарай жаттығуларды орындай отырып, жан-жаққа шашырап жүгіру. Жүру. Дем алу. Шеңберге тұру.	3–4 рет	1 минут
2	Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: қолға жалауша ұстап, түзу тұру. О.: қолды екі жағынан жоғары көтеру, жалаушаның таяғымен бастан асырып соғу, екі жағынан төмен түсіру.	3–4рет	3 минут
	Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: аяқты алшақ, допты төмен қойып тұру. О.: еңкейіп допты қолмен сүйемелдей, еденге қою, бірде бір аяқты, екіншіде екінші аяқты айналдыра допты домалату, допты екі қолмен алып, түзу тұру.	3–4рет	
	Б.қ.: аяқты бірге қойып допты төмен қаратып ұстау. О.: жүрелей отырып, допты аяғының ұшының алдына қою; допты жерге түсірмей және оны еденнен көтермей аяқты түзу қою, қайтадан жүрелеп отыру, тұру, түзулену.	3–4рет	
	Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: қолды бүйірге ұстап, қолды төмен түсіру. О.: тізеден бүгілген оң (сол) аяқты көтеру, тізенің астынан қолмен шапалақтау. Аяқты қатар қою, қолды төмен түсіру.	3–4рет	
3	Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар. Тыныс алу: -Тік тұру;	3–4рет	1 минут





## 11 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	<p>Кіріспе бөлім: Бір тізбекке тұру. Сәлемдесу. /Нұсқауларды орындау/.</p> <p>Қоян, қоян, тұршы, беті-қолды жушы. Айнаға қарашы, шашыңды тарашы. Әйбат көйлек киші, енді сергіп жүрші. «Қояндар көпірден өтуде». /Балалар тәрбиешінің артынан бір сызық бойымен жүреді/.</p> <p>«Қояндар жан-жағына қарайды». /Оң қолы – оң бүйірде, сол қолы – маңдайда, оңға, солға бұрылады/.</p> <p>«Қояндар үйге оралады». /Бір орында секіріп, баяу жүгіреді/.</p> <p>Әр түсті екі текшеден беріп, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.</p>	3–4 рет	1 минут
2	<p>Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар текшелермен.</p> <p>Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:</p> <p>Б.қ.: Аяқ алшақ, қол төменде.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Текшелерді жоғары көтеру.</li> <li>2. Иыққа тигізу.</li> <li>3. Б.қ. келу.</li> </ol>	3–4 рет	3 минут
	<p>Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:</p> <p>Б.қ.: Негізгі тұрыс, қол төменде.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Екі қолды алға созу.</li> <li>2. Шынтақты бүгіп, текшелерді иыққа тигізу.</li> <li>3. Б.қ. келу.</li> </ol>	3–4 рет	
	<p>Б.қ.: Негізгі тұрыс, қол төменде.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Екі қолды жанға созу.</li> <li>2. Шынтақты бүгіп, текшелерді иыққа тигізу.</li> <li>3. Б.қ. келу.</li> </ol>	3–4 рет	
3	<p>Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар.</p> <p>Тыныс алу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Тік тұру, аяқ арасы иық көлеміндей алшақ;</li> <li>- Басты тік көтеру /мұрынмен ауа жұту/;</li> <li>- Қос қолдағы текшелерге үрлеу /дем шығару/.</li> </ul>	3–4 рет	1 минут

## 12 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	Кіріспе бөлім: Сәлемдесу. Сапқа тұру. Жүру: Бір-бірден сапқа тұрып, жүру. Нұсқаушының белгі беруіне қарай жаттығуларды орындай отырып, жан-жаққа шашырап жүгіру. Жүру. Дем алу. Шеңберге тұру.	3–4 рет	1 минут
2	Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: табанды қатар қойып тұру, таяқ төменде. О.: затты жоғары көтеру, оған қарау, түсіру. Затты алға қарай көтере отырып, солай істеу.	3–4 рет	3 минут
	Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: гимнастикалық орындыққа атша мініп, қолды артқа тіреу. О.: бір аяқты көтеріп, оны орындыққа қою, екінші аяқпен де солай істеу, аяқты еденге түсіру.	3–4 рет	
	Б.қ.: шалқадан жатып, екі қолды жаю, алақанды жоғары қаратып, екі қолды еденге тақай ұстау. О.: екі қолды алға қарай тік көтеріп, шапалақтау. Екі жаққа жая еденге түсіру.	3–4 рет	
	Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: аяқты бірге қойып, қолды бүйірге таянып, түзу тұру; аяқ ұшынын алдында доп жатыр. О.: аяқты бүгу, алға қарай түзулеу, доптың үстіне қою; қайтадан аяқты алға қарай түзулеу, тізеден бүгу, аяқты қатар қою.	3–4 рет	
3	Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар. Тыныс алу: - Тік тұру.	3–4 рет	1 минут

### 13 Комплекс

Мазмұны		Неше рет жасау	Уақыты
1	Кіріспе бөлім: Сәлемдесу. Сапқа тұру. Жүру: Бір-бірден сапқа тұрып, жүру. Нұсқаушының белгі беруіне қарай жаттығуларды орындай отырып, жан-жаққа шашырап жүгіру. Жүру. Дем алу. Шеңберге тұру.	3–4 рет	1 минут
2	Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Тербелу. Б.қ.: Аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1. Қолдарды жоғары көтеру. 2. Екі жанға, оңға тербелу. 3. Солға тербелу. 4. Б.қ. келу.	3–4 рет	3 минут
	Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: «Бағыттаушы». Б.қ.: Негізгі тұрыс, қол төменде. 1. Қолдағы гүлдерді жоғары көтеру. 2. Алға созу. 3. Б.қ. келу.	3–4 рет	
	«Жиырылу-ашылу». Б.қ.: Аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1. Екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкелу. 2. Екі қолды жанға созу. 3. Б.қ. келу.	3–4 рет	
3	Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар. Тыныс алу: - Тік тұру, аяқ арасы иық көлеміндей алшақ; - Басты тік көтеру /мұрынмен ауа жұту/; - Қос қолдағы текшелерге үрлеу /дем шығару/.	3–4 рет	1 минут

## 14 Комплекс


	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	<p>Кіріспе бөлім: Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. /Нұсқауларды орындау/.</p> <p>Бір тізбекпен жүру. Күндей болып күлейік, гүлдей болып өсейік. /Қол белде, күліп көңілді жүру/.</p> <p>Таң атқанда күн шығып, гүл ашады қауызын. /Қолды жоғары көтеріп жүру/.</p> <p>Желмен бірге тербеліп, теңселеді ақырын. /Қолды екі жаққа созып, тербелу/.</p> <p>Отырайық жүрелеп, гүлді үзіп алайық. /Тізені сәл бүгіп, қолды алға созып, алақанды жұмып-ашу/.</p> <p>Орнымыздан түрегеп, басқа гүлге барайық. /Баяу жүгіру/.</p> <p>Жүру. Дем алу. Шеңберге тұру.</p>	3–4 рет	1 минут
2	<p>Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар</p> <p>Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:</p> <p>Б.қ.: Негізгі тұрыс, текшелерді төмен түсіреміз.</p> <p>1. Текшелерді жоғары көтеріп, бір-біріне соғу. 2. Б.қ. келу.</p>	3–4 рет	3 минут
	<p>Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:</p> <p>Б.қ.: Аяқтар арасы сәл алшақ, текшелерді кеудеде ұстау.</p> <p>1. Қолдағы текшелерді жоғары көтеру. 2. Қос қолдағы текшелермен оңға иілу. 3. қ. келу. 4. Қос қолдағы текшелермен солға иілу. 5.Б.қ. келу.</p>	3–4 рет	
	<p>Б.қ.: Негізгі тұрыс, қол төменде.</p> <p>1. Қолдағы текшелерді алға созып отыру. 2. Тұру. 3.Б.қ. келу.</p>	3–4 рет	
	<p>Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:</p> <p>Б.қ.: Аяқ бірге, текшелерді кеудеде ұстау.</p> <p>1. Алға қос аяқпен секіру. 2. Артқа қос аяқпен секіру. 3.Б.қ. келу.</p>	3–4 рет	
3	<p>Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар.</p> <p>Тыныс алу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Аяқ арасы иық көлеміндей алшақ;</li> <li>- Текшелерді жоғары көтеру /ауа жұту/;</li> <li>- Қос қолдағы текшелерді үрлеу /дем шығару/.</li> </ul>	3–4 рет	1 минут

## 15 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	<p>Кіріспе бөлім: Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. /Нұсқауларды орындау/.</p> <p>Бір тізбекпен жүру. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. /Қолдарын жоғары көтеріп, алға созып, ағаштардай тербелу/.</p> <p>Кіп-кішкентай ағаштар, Биік болып өседі. /Қолдарын жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүру/.</p> <p>Құлпыра берші кең дала, Өскен ағашты көрейін. /Қолдары белде, тізені көтеріп жүру/.</p> <p>Жапырағыңмен жасыршы, Қойныңа мен енейін. /Баяу жүгіру/.</p> <p>Шеңберге тұрғызу.</p>	3–4 рет	1 минут
2	<p>Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.к.: табанды қатар қойып тұру, таяқ төменде. О.: таяқты жоғары көтеру, оған қарау, түсіру. Таяқты жоғары көтеру, төмен түсіру.</p>	3–4 рет	3 минут
	<p>Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.к.: шалқадан жатып, қолды бастан асыра созу, қолда доп. О.: шалқасынан және етпетіне аударылып түсу; отыру, сонан соң қайтадан жату.</p>	3–4 рет	
	<p>Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.к.: тік тұру, таяқ төмен. О.: жүрелеп отыру, таяқты еденге қою, тұру, түзулену; жүрелеп отыру, таяқты алу, түзулену, таяқты бастан асыра көтеру, төмен түсіру.</p>	3–4 рет	
	<p>Б.к.: құрсаудың ішінде тұрып, аяқты бірге қою, қолды төмен түсіру. О.: жүрелеп отыру, құрсауды екі қолмен алу, тұру, жүрелеп отыру, құрсауды еденге қойып, түрегелу.</p>	3–4 рет	
3	<p>Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар. Тыныс алу: - Тік тұру.</p>	3–4 рет	1 минут

## 16 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	<p>Кіріспе бөлім: Бір тізбекке тұру. Сәлемдесу. /Нұсқауларды орындау/. Бір қатармен жүру. Қолды жоғары созайық, Шапалақты ұрайық. /Қолды жоғары созып, шапалақтап жүру/. Кәне, қолды жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. /Қолды екі жаққа созу, қолды жоғары көтеру, төмен түсіру/. Дәндерімізді шоқиық, Жоғары-төмен қарайық. /Қолдарын артқа созып, дән жегендей болады/. Ұшып-ұшып алайық, Ұямызға қонайық. /Баяу жүгіру, шеңберге тұру/.</p>	3–4 рет	1 минут
2	<p>Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.к.: колоннаға тұру, бірінші тұрғанның қолында доп. О.: допты бастан асырып алға, артқа қарай бір-біріне беру.</p>	3–4 рет	3 минут
	<p>Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.к.: етпетінен жату, доп ұстаған екі қолды алға созу. О.: допты көтеріп, түсіру.</p>	3–4 рет	
	<p>Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Б.к.: таяқтың жайына тұрып, қолды төмен түсіру. О.: таяқтың бойымен бір қырындай жылжу.</p>	3–4 рет	
3	<p>Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар. Тыныс алу: – Тік тұру;</p>	3–4 рет	1 минут




## 17 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	<p>Кіріспе бөлім: Бір тізбекке тұру. Сәлемдесу. /Нұсқауларды орындау/. Бір тізбекпен жүру. Балақай-ау, балақай, Көктем келді алақай! /Қолды жоғары көтеріп, шапалақ соғып жүреміз/. Пальтомызды шешеміз, Тау бөктерін кеземіз. /Екі қолды екі жанға созамыз, иыққа қоямыз/. Сан қызықты көріп біз, Сайдан гүлдер тереміз. /Екі қолды алға созу, оң қолды – оң иыққа, сол қолды – сол иыққа жеткізу/. Тайға мініп секіріп /секіру/, Велосипед тебеміз /баяу жүгіру/. Жүру. Дем алу. Шеңберге тұру.</p>	3–4 рет	1 минут
2	<p>Негізгі бөлім: жалпы дамытушы жаттығулар Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: 1. «Қолды шайқау». Б.қ.: аяқ сәл алшақ, қол шетке созулы. О: (жел соқты). Қолды еркін, жеңіл шайқау; белгі бойынша қолды кеуде тұсында айқастыру.</p>	3–4 рет	3 минут
	<p>Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: 2. «Бұрылып қара». Б.қ.: аяқ сәл алшақ, қол белде. Оңға, артқа бұрылу - бастапқы қалыпқа оралу. Солға, артқа бұрылу - бастапқы қалыпқа оралу.</p>	3–4 рет	
	<p>Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: 3. «Қысқа және ұзын». Б.қ.: қолды жанына қойып тіреле отыру. Аяқты бүгіп: «қысқа» деу, бастапқы қалыпқа оралу. Аяқты созып: «ұзын» деу.</p>	3–4 рет	
3	<p>Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар. Тыныс алу: – Тік тұру;</p>	3–4 рет	1 минут

## 18 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	<p>Кіріспе бөлім: Бір тізбекке тұру. Сәлемдесу. /Нұсқауларды орындау/.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Бір тізбекпен жүру.</li> <li>– Қолдарын белге қойып жүру.</li> <li>– Қолды жоғары көтеріп жүру.</li> <li>– Алға секіру.</li> <li>– Баяу жүгіру.</li> </ul> <p>Жүру. Дем алу. Шеңберге тұру.</p>	3–4 рет	1 минут
2	<p>Негізгі бөлім: Рульмен (шығыршық) орындалатын жалпы дамыту жаттығулары: Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:</p> <p>1. «Алға». Б.қ.: аяқ сәл алшақ, рульмен қол кеудеде. О: рульмен қолды алға созу, «алға» деу; бастапқы қалыпқа оралу; «артқа» деу.</p>	3–4 рет	3 минут
	<p>Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:</p> <p>2. «Бұрылыс». Б.қ.: аяқ сәл алшақ, рульмен қол кеудеде. «Жүріп келеміз, жүріп келеміз, жүріп келеміз» - «алда бұрылыс!» - бас пен иықты оңға еңкейте бұру; бастапқы қалыпқа оралу. «Жүріп келеміз, жүріп келеміз, жүріп келеміз» - «алда бұрылыс!» - бас пен иықты солға еңкейте бұру; бастапқы қалыпқа оралу.</p>	3–4 рет	
	<p>Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:</p> <p>3. «Наурыз мерекесін тойлайық». Рульді еденге қойып, музыка ырғағына сәйкес өзіндік би қимылдарын орындауға талпындыру; (балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту).</p>	3–4 рет	
3	<p>Қорытынды бөлім: тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар. Тыныс алу: - Тік тұру.</p>	3–4 рет	1 минут





## 2 Ортаңғы топқа арналған таңертеңгі гимнастика комплексінің үлгісі (3 жастан 4 жасқа дейін)

«Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны:

- дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады.

Мақсаты: денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып балалардың қимылдық белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру.

Міндеттері:

- балалардың бойында қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру;

- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене қасиеттерін: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту;

- жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағыпалу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру;

- мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру;

- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.

Ертеңгілік гимнастика өткізу кезінде және «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған оқу қызметінің кіріспе бөлімінде жалпы дамытушы жаттығулар орындалады.


Кіші топтағы ертеңгілік гимнастика өткізудің негізгі әдістері- жаттығуларды түсіндірумен педагогтың көрсетуі және балалармен бір уақытта орындау, көзбен бағдарлану, жасы бойынша сап жаттығуларын орындауға тапсырма беру.

Кешен 5–6 рет қайталанатын 5–6 жаттығудан тұрады. 3–4 жастағы балалар үшін жаттығулар кешеніне имитациялық жаттығулар және оқу құралдарымен жаттығулар (сылдырмақ, жалауша, доп, кубиктер) кіреді. Ертеңгілік гимнастика тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығуларды орындап жүрумен, аз қимылды ойынмен аяқталады.




## 1 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	Кіріспе бөлім: Сәлемдесу Сапта тұру, саппен жүру сапта қарқынды өзгертіп шеңбер бойымен, бағытпен; бағытты өзгерте отырып; - сызық арасы арқылы жіңішке жолмен жүгіру; жүру, сап түзеу және шашырау	5–6 рет	1 минут
2	Негізгі бөлім: «Балалар мен мысықтар» 1. (Өздігінен уқалау) «табанды» - алақанды, қолымызды жылытып алайық» (жай, шапшаң).	5–6 рет	4 минут
	2. «Алақаныңды көрсет». Б.қ.: қолды төмен түсіріп, түзу тұру. О: алақанды төмен қаратып, қолды алға созу: «алақаныңды көрсет». Алақандарымыз тығылып қалды (қолды артқа апару).	5–6 рет	
	3. «Алақандарымызбен бұлғайық». Б.қ.: аяқ сәл алшақ қойылып, қол шынтақтан бұгулі. Алақандарымызбен бұлғау (бұгулі қолды жоғары көтеру, төмен түсіру).	5–6 рет	
	4. «Алақаныңды көрсет». Б.қ.: қолды белге қойып, түзу (тік) тұру. О: тізеден бұгілген оң және сол аяқты кезек-кезек көтеру (арқаны түзу ұстау).	5–6 рет	
	5. «Мысықтар ұйықтап жатыр». Б.қ.: қолды тұлға бойы созып ұстап, қырынан жату. «Мысықтар тоңып, ұйықтай бастады» - тізені қарынға қарай тартып, қолмен қапсыра ұстау. «Мысықтар оянды» - еркін қимыл-қозғалыс жасау.	5–6 рет	
	6. «Мысықтар серуенде». Жүру, жеңіл жүгіріс. Басты төмен түсірмей, көтере ұстау.	5–6 рет	
3	Қорытынды бөлім: Дем алу үшін жаттығу. «Үлкен болып өсеміз» қимыл-қозғалысы аз жаттығуы: қолды шетке созып жоғары көтеру, төмен түсіру.	5–6 рет	1 Минут




## 2 Комплекс

Мазмұны		Неше рет жасау	Уақыты
1	Кіріспе бөлім: Сәлемдесу Бір қатар сапқа тұру. Шапалақ ұрып жүру. Алға қарай тізені бүгіп жүру. Секіріп және бұрылып жүгіру. Жүру. Тыныс алып, екі сапқа тұру.	5–6 рет	1 минут
2	Негізгі бөлім: Сылдырмақтармен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтар еденде): 1. Саусақ пен саусақты ақырын соғамыз (сұқ саусақпен: «ақырын-ақырын» деп айту).	5–6 рет	4 минут
	2. Алақан шапалақтаймыз: «бом-бом-бом». («Бом-бом-бом» деу). Міне, алақанымыз да жылынды.	5–6 рет	
	3. «Сылдырмақты қақ (сілжу)». Б.қ.: аяқты еркін қалыпта ұстап, еденде отыру, сылдырмақ қолда. 1 - сылдырмақпен қолды жоғары көтеру, оны сылдырлату, қолды төмен түсіру.	5–6 рет	
	4. «Сылдырмақты ал». Б.қ.: аяқты еркін қалыпта, сылдырмақты қолда ұстап, еденде отыру. 1- сылдырмақпен қолды алға созу; 2 - сылдырмақты сылдырлату; 3 - сылдырмақты аяқтың жанына қою; 4 – бастапқы қалыпқа келу. 1- қолды алға созу; 2 - еңкейіп сылдырмақты алу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.	5–6 рет	
	5. «Серіппелер». Б.қ.: сылдырмақпен қолды белде ұстап, тік тұру. Музыкаға сәйкес ырғақты серіппелі қимыл жасау.	5–6 рет	
	6. «Сылдырмақты көрсет». Б.қ.: аяқ сәл алшақ, еңкейіп сылдырмақты еденге қою. Тік тұрып түзелу, алақанды жоғары қаратып, қолды алға созып: «сылдырмақ жоқ» деу. Отыру, сылдырмақты алу, тік тұрып түзелу, сылдырмақты көрсетіп: «міне» деу.	5–6 рет	
3	Қорытынды бөлім: <i>Дем алу жаттығуы</i> : Сылдырмақтармен би. Музыкаға сәйкес еркін қимылдар жасау.	5–6 рет	1 минут



### 3 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	Кіріспе бөлім: Сәлемдесу Бір-бірінің артынан жүру. Жылан секілді заттардың арасымен жүру, қол артта. Аяқтың ұшымен. Өкшемен жүру. Жай жүріс. Жай жүгіру. Бағытты ауыстыра жүгіру. Жан-жаққа жүгіру. Жылдам жүгіру. Жүру. Тыныс алып, екі сапқа тұру.	5–6 рет	1 минут
2	Негізгі бөлім: 1. «Бір-біріміздің алақанымыз бен қолымызды жылытайық» (бәсең, шапшаң).	5–6 рет	4 минут
	2. «Алақаныңды көрсет». Б.қ.: қолды төмен түсіріп, түзу тұру. О: алақанды төмен қаратып, қолды алға созу: «алақаныңды көрсет». Алақандарымыз тығылып қалды (қолды артқа апару).	5–6 рет	
	3. «Саусақтар серуенде». Б.қ.: аяқ сәл алшақ, қол белде. О: қолды алға созып, саусақтарды қимылдату; бастапқы қалыпқа келу.	5–6 рет	
	4. «Аттар». Б.қ.: қолды белге қойып, түзу (тік) тұру. О: тізеден бүгілген оң және сол аяқты кезек-кезек көтеру (арқаны түзу ұстау).	5–6 рет	
	5. «Торғайлар». Б.қ.: аяқ сәл алшақ қойылып, қол шынтақтан бүгулі. Б.қ.: «торғайлар» қанаттарын қағады (бүгулі қолды жоғары көтеру, төмен түсіру).	5–6 рет	
	6. «Торғайлар серуенде». Жай жүру, қолды жоғары көтеріп, төмен түсіріп жүру.	5–6 рет	
3	Қорытынды бөлім: <i>Дем алу жаттығуы</i> : «Үлкен болып өсеміз» (қолды шетке созып жоғары көтеру, төмен түсіру).	5–6 рет	1 минут



## 4 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	Кіріспе бөлім: Сәлемдесу Сапта тұру, саппен жүру Жүру түрлері: -алдыға қарап жүру; -Бір бүйірмен жүру; -қысқа және кең адыммен жүру. Қарапайым жүгіру. Жүру. Тыныс алып, шеңберге тұру.	5–6 рет	1 минут
2	Негізгі бөлім: Доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары: 1. Өздігінен уқалау: алақан арасында ұсақ резеңке шарды (гелевые) домалату.	5–6 рет	4 минут
	2. «Допты жоғары». Б.қ.: еденде отырып, аяқ пен қол еркін қалыпта, доп қолда. 1 - доппен қолды жоғары көтеру: «жоғары» деу, допқа қарау: «төмен» деу, доппен қолды төмен түсіру.	5–6 рет	
	3. «Допты алға». Б.қ.: еденде отырып, аяқ алшақ, доп қолда. 1 - доппен қолды алға созу: «алға» деу; 2 - алға еңкейіп, допты аяқтың жанына қою; 3 - бастапқы қалыпқа оралу. 1 - қолды алға созу; 2 - еңкейіп допты алу; 3 - бастапқы қалыпқа оралу.	5–6 рет	
	4. «Серіппелер». Б.қ.: түзу тұру, доп еденде, қол белде. Музыкаға сәйкес ырғақты серіппелі қимыл жасау.	5–6 рет	
	5. «Сипайық». Б.қ.: аяқ сәл алшақ, доп еденде. Жартылай отыра, допты сипау: «домалақ, тегіс» деу, тұрып түзелу.	5–6 рет	
	6.«Допты айнала». Б.қ.: түзу тұру, доп еденде. Допты айнала секіру	(30 секунд)	
3	Қорытынды бөлім: <i>Дем алу жаттығуы:</i> «Кішкене шарды үрлейік» тыныс алу жаттығуы (ұсақ резеңке шарларды тегіс жазықтыққа орналастыру).	5–6 рет	1 минут




## 5 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	Кіріспе бөлім: Сәлемдесу Бір қатар сапқа тұру. Жүру түрлері: -алдыға қарап жүру; бір бүйірмен жүру; -көзді жұмып жүру; -қол шапалақтап жүру; Жүгіру: -тізені жоғары көтеріп жүгіру; -сирақты артқа лақтырып жүгіру; -секіріп жүгіру. Жүру. Тыныс алып, шеңберге тұру.	5–6 рет	1 минут
2	Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулары: 1. «Біздің қолдарымыз қайда?». Б.қ.:н.т. Біздің қолдарымыз қайда? (қолдарын артқа тығады). Біздің қолдарымыз жоқ. Міне, міне, біздің қолдарымыз ( <i>қолдарын алға созып, қолдың басымен жұмыс жасау</i> ). Біздің қолдарымыз, міне, алақанымыз. Біздің қолдарымыз билейді, билейді, біздің қолдарымыз, билейді. Шаршағанды білмейді.	5–6 рет	4 минут
	2. «Шарт-шұрт». Б.қ.: аяқ алшақ, қол белде. Алға еңкейіп, аяқтың арасында алақан шапалақтап «шарт-шұрт» деу, тік тұрып түзелу, қолды жоғары көтеріп, қолға қарау. Аяқты бүкпеуге әдеттендіру (жаттықтыру).	5–6 рет	
	3. «Жоғары көтеріл». Б.қ.: өкшемен отыру, қол белде. Тізеге тұрып, жоғары созылып: «жоғары-жоғары» деу, бастапқы қалыпқа оралу, «отырдың» деу.	5–6 рет	
	4. «Қысқа және ұзын». Б.қ.: аяқты бүгіп, шалқадан жату, аяқтарды бүгіп «қысқа» деу; аяқтарды созып: «аяқтар ұзын» деу.	5–6 рет	
	5. «Кішкентай тышқандар». Б.қ.: аяқ сәл алшақ, қол артта. Қолды шетке соза, алға еңкею. Қолға сүйеніп: «пи-пи-пи» деу. Бастапқы қалыпқа оралу.	5–6 рет	
	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
	6. «Тышқан». Б.қ.: аяқ сәл алшақ, қол төмен (қол еркін 10 рет секіру (жеңіл, жайлап) және 8- 10 адым жасау (ақырын, аяқтың ұшымен; табанға толық басып жүру).	5–6 рет	
3	Қорытынды бөлім: Дем алу жаттығуы	5–6 рет	1 минут

## 6 Комплекс

	Мазмұны	Неше рет жасау	Уақыты
1	<p>Кіріспе бөлім: Бір қатар тұру. Сәлемдесу. Бір тізбекпен жүру. Тік ұста да бойыңды, жоғары соз қолыңды. /Қолды жоғары созып жүру/.</p> <p>Бүйір таяп қос қолмен, көтер аяқ оң жақтан, көтер аяқ сол жақтан, құлап кетпе, сәл сақтан. /Қол белде, оң, сол аяқты көтеріп жүру/.</p> <p>Күнде жасап жаттығу, қан жүгіртіп алайық. /баяу жүгіру/. Жүру. Дем алу. Шеңберге тұру.</p>	5–6 рет	1 минут
2	<p>Негізгі бөлім: Шаршылармен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары:</p> <p>1. Дайындық бөлімі: өздігінен уқалау.</p>	5–6 рет	4 минут
	<p>2. «Шаршы, шаршы, шаршылар». Б.қ.: аяқ сәл алшақ, қолдағы шаршыларын дене бойымен төмен түсіру. Педагог: «Шаршы, шаршы, шаршылар!». Балалар шаршыларды артқа тығады. Педагог: «Шаршылар қайда?». Шаршыларды алға созып, «міне!» деу. Басты түсірмей, арқаны түзу ұстау.</p>	5–6 рет	
	<p>3. «Шаршыларды тізеге». Б.қ.: аяқ иық деңгейінде, қол шаршылармен белде. Алға еңкею, шаршыларды тізеге дем шығару. Бастапқы қалыпқа оралу. Аяқты бүкпеу.</p>	5–6 рет	
	<p>4. «Кім алысырақ тигізеді?». Б.қ.: отыру, аяқ алшақ, қол шаршылармен артта тіреулі, бас сәл көтеріңкі. Алға еңкею, шаршыларды еденге тигізу, түзелу.</p>	5–6 рет	
